

**Шымкент қалалық білім басқармасының «Политехникалық колледжі»
МКҚК-нің 2022-2023 оқу жылындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы
жүргізілген іс-шаралар
ЕСЕБІ**

Корпоративтік басқару міндеттерін тиімді атқару, комплаенс бақылау нормаларын және тәуекел менеджменттің негізгі қағидаттарын тиісінше сақтау оқу орнының стратегиялық міндеттеріне қол жеткізуге жәрдемдесу мақсатында колледж директорының 16.03.2021 жылдағы №39-71/75 бұйрығымен 2020 жылғы 6 қазандағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 16-бабы 3-тармағына сәйкес колледжде комплаенс офицері жұмыс атқарады. Сонымен қатар директордың 31.08.2021 жылғы №117-71/75 бұйрығымен колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу мақсатында комплаенс қызметінің мүшелері тағайындалып жұмыс атқаруда.

2022 жылдың 28 қараша-09 желтоқсан аралығында "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағын іске асыру мақсатында және ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жұмысшы тобы құрылып, колледждің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі бойынша ішкі талдау жүргізілді. Талдау нәтижесі бойынша колледж қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністері анықталған жоқ.


Колледж студенттері арасында сыбайлас жемқорлық фактілерін болдырмау мақсатында желтоқсан, маусым айларында «таза сессия» акциясы және де басқа көптеген іс-шаралар өткізілді:

1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Шымкент қаласы бойынша Департаментінің бас маманы Ж.С.Әлжанованың қатысуымен өткізілген «Адалдық сағаты» (06.09.2022ж.)
2. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің тапсырмасына сәйкес Шымкент қаласы Политехникалық колледжінің білім алушыларымен бірыңғай өткізілген «Адалдық сағаты» (09.09.2022ж.)
3. «Жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізу» әлеуметтік жобасы аясында, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында «Жаңару» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» РҚБ Шымкент қалалық филиалының мүшесі Ақтаев Мұқтар Бексұлтанұлымен кездесу (15.09.2022ж.)
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі сарапшылар пулының мүшесі-Гүлбақыт Сейсенбекқызы Дулатова бастаған «AUEZOV JASTARY» қоғамдық қорымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытында және заңдағы соңғы өзгерістер жайлы» тақырыбында кездесу (07.11.2022ж.)

5. «Адал ұрпақ – мемлекет болашағының кепілі» атты қалалық пікірсайыс турнирі (16.11.2022ж.)
6. 9 желтоқсан- Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай «Адалдық-ардың ісі» тақырыбында бірінғай топтық сағаттары (09.12.2022ж.)
7. 9– желтоқсан Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай «SANALY URPAK» клубы мүшелерінің қатысуымен «Заңды - білу заман талабы» атты ашық тәрбие сағаты (09.12.2022ж.)
8. Құқықбұзушылықтың, сыбайлас жемқорлықтың, әлімжеттіктің алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізу мақсатында жатақханада тұратын студенттердің ата-аналарымен тәрбие жөніндегі орынбасары Садыкова Жангул Эрнстқызының қатысуымен жиналыс (07.04.2023ж.)
9. Студенттік ортада сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес колледжде оқу топтарында ата-аналар жиналыстары (24.04-28.04.2023ж.)
10. «Мейірім – жүректен» қалалық айлығы аясында Шымкент қалалық «Галстуксіз бір сағат» Ted X форматында Джиу-джитсудан әлемнің II дүркін чемпионы, спорттың алты түрінен спорт шебері, еркін күрестен Азияның күміс жүлдегері, панкратионнан әлемнің күміс жүлдегері, ҚР бойынша қошқар көтеруден рекордсмен Акбар Елубайұлымен кездесу (03.05.2023ж.)
11. «Мейірім – жүректен» қалалық айлығы аясында оқушыларға патриоттық тәрбие беру, кәсіпке баулу, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету мақсатында «Галстуксыз бір сағат» атты Ted X форматында журналист, қоғам белсендісі З.Оралбаевамен кездесу (03.05.2023ж.)
12. М.Әуезов атындағы ОҚУ Заң факультеті «Мемлекеттік - құқықтық пәндер» кафедрасының заң ғылымдарының кандидаты, доцент Накышов Нурадин Насреддинұлының қатысуымен «Заң – қоғамның негізгі тірегі» тақырыбында дөңгелек үстел (22.05.2023ж.)
13. «Әділдік жолы» РҚБ Шымкент қаласындағы филиалының басшысы, заңгер Кесебаева Айжан Өмірзаққызы, Еңбекші ауданының жастарымен жұмыс жүргізу бөлімінің инспекторы Тілепхан Мағжан Мақсатұлы, Еңбекші ауданының жастарымен жұмыс жүргізу бөлімінің маманы Бүркітбай Санжар Есенжанұлы қатысуымен жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында кездесу (25.05.2023ж.)
14. 2022 – 2023 оқу жылының II жарты жылдығының қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында I,II,III курс топ басшыларымен жиналыс, «Таза сессия - 2023» акциясы (09.06.2023ж.)

Барлық өткізілген іс-шаралардың фото және бейне есептері тіркеліп, әлеуметтік желілерге жарияланған.

Бөлім меңгерушісі:



А.Изтилеуова